

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 маусымдағы N 688 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12. N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Жануарлар мен өсімдіктердің жекелеген түрлерін, олардың бөліктерін немесе бөлшектерін Қазақстан Республикасына әкелуді және одан тысқары жерлерге әкетуді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Құрып кету қатері төнген жабайы өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның (Вашингтон қаласы, 1973 жылғы 3 наурыз)" күші қолданылатын жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін, олардың бөліктерін немесе бөлшектерін Қазақстан Республикасына әкелу және одан тысқары жерлерге әкету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады."

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

1 бағанда "Жабайы жануарлар, жабайы өсімдіктер" деген сөздерден кейін "(Құрып кету қатері төнген жабайы өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның күші қолданылатындарынан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

1 бағанда "Піл сүйегі, маралдың мүйізі, тұяғы, жас маралдың мүйізі, маржандар және осыған ұқсас материалдар" деген сөздерден кейін "(Құрып кету қатері төнген жабайы өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның күші қолданылатындарынан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК